

Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды 2012 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 744 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 17 сәуірдегі № 9-1-188 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 31-бабына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 қаулысына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қостанай қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі арқылы (келісім бойынша) шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ерек жынысты азаматтар, сондай-ақ оку орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермен азаматтар 2012 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Қостанай қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірге кезекті шақыру жөніндегі іс-шараларды өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімі орынбасарының міндеттерін атқарушы А. Қ. Нұрғазиновқа жүктелсін.

Қостанай қаласының әкімі

F. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛГЕН:

"*Қ о с т а н а й* *о б л ы с ы*
ә к і м д і г і н і н *д е н с а у л ы қ*
с а қ т а у *б а с қ а р м а с ы*"
 м е м л е к е т т і к
 м е к е м е с і н і н *б а с т ы ғ ы*

O. Бекмағамбетов

"*Қ о с т а н а й* *қ а л а с ы н ы н*
қ о р ғ а н ы с *і с т е р і*
жөніндегі *б а с қ а р м а с ы*"
 м е м л е к е т т і к
 м е к е м е с і н і н *б а с т ы ғ ы*

Ө. Отебасов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК